

Білім ұйымдарында эксперимент есебінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, тексеру және енгізу тәртібінің Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 10 сәуірдегі N 240 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 маусымдағы тіркелді. Тіркеу N 1539. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 58 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.02.21 № 58 (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Z990389_ Заңының 18 бабына сәйкесті ереженің жүзеге асырылуы үшін, білім ұйымдарының инновациялық белсенділігін дамытып және экспериментальдік қызметін реттеу мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Білім ұйымдарында эксперимент есебінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, тексеру және енгізу тәртібі туралы ережелері бекітілсін.
2. Жоғары және орта кәсіптік білім департаменті (Ә. Әбжаппаров) осы бұйрықты, белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.
3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә. Ахметовке жүктелсін.

Министр

ҰСЫНАДЫ:

Жоғары білім және орта
кәсіптік білім департаменті

02 сәуірде 2001 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Бірінші вице-Министр

"09" сәуірде 2001 ж.

Вице-Министр

"06" сәуірде 2001 ж.

Бюджет, жоспарлау және
қаржы департаменті

"05" сәуірде 2001 ж.

Орта жалпы және бастауыш
кәсіптік білім

департаменті

"04" сәуірде 2001 ж.

Құқықтық қамтамасыз

ету басқармасы

"03" сәуірде 2001 ж.

Ұйымдастыру-бақылау

жұмысының басқармасы

"03" сәуірде 2001 ж.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым

министрлігінің

10 сәуір 2001 жылғы

№ 240 бұйрығымен

бекітілді

**Білім ұйымдарында эксперимент есебінде
жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын
әзірлеу, тексеру және енгізу тәртібі туралы
ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Білім ұйымдарында эксперимент есебінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, тексеру және енгізу ережелері (әрі қарай - Ережелер) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Z990389_ Заңының 18 бабына сәйкес әзірленген және білім беру Бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған білім ұйымының эксперимент есебінде мақсаты мен міндеттері, мазмұны, құру шарты мен тәртібін айқындайды (әрі қарай - экспериментальдік бағдарлама).

2. Экспериментальдік бағдарламаларының мақсаты ұлттық білім беру жүйесінің дамытылуы және жетілдіруі, ғылыми, педагогикалық, құқықтық, қаржы-экономикалық, кадрлық және материалдық-техникалық мәселелердің алдын-ала шешіліп қамтамасыз етілуі болып табылады.

3. Экспериментальдік бағдарламаларының міндеттері:

1) білім ұйымдарының инновациялық қызметін тәртіптеу және жүйелеу;
2) білім алушы және тәрбиеленуші тұлғаның дамуын, оның өздік даму, өз-өзін анықтау және өз бетімен білімін көтеру қабілетін қамтамасыз ететін жаңа білім беру бағдарламалары мен технологияларын әзірлеу, апробациялау және оқыту мен тәрбиелеу прогрессивті нысандарын, әдістерін, тәсілдерін, құралдарын енгізу;

3) болжау тұжырымдамалық көзқарас пен балама жүйелерді және демократиялық, адамгершілік және гуманитарлық білім үлгілерін қалыптастыру болып табылады.

4. Экспериментальдік бағдарлама:

1) Қазақстанның білім беру-ақпараттық, ғылыми, әлеуметтік-мәдени кеңістігін қамтамасыз ету үшін әзірленген мәселелердің маңыздылығымен;

2) білімнің мазмұнын жаңарту және жаңғырту, білім беру үрдісінің ұйымдастыру құрылымын (оқыту мен тәрбиелеудің ұйымдастыру нысандары, әдістері, тәсілдері және құралдар) дамыту және жетілдіру бойынша міндеттерді шешуге бағытталған білім беру бағдарламаның авторларының инновациялық қызметімен;

3) білім алушылардың және тәрбиеленушілердің жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықты, қазақстандық отаншылдықты, белсенді азаматтық ұстанымдылықты, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталуымен айналынады.

5. Экспериментальдік бағдарламаның авторы (авторлары) педагогикалық, ғылыми-педагогикалық, ғылыми ұжымдар, сондай-ақ ғылыми-зерттеу ұйымдары және ведомстволық бағыныстылығына және нысанына қарамастан білім ұйымдары болып табылады.

6. Эксперименттік тәртіп бойынша инновациялық экспериментальдік бағдарламаны жүзеге асыратын, білім ұйымы (білім ұйымы кешені), оның құрылымдық бөлімдері жұмыс істей алады.

7. Эксперименттік жұмыстың тәртібі бойынша автор (авторлар) экспериментальдік бағдарламаға:

1) оқыту және тәрбиенің ұйымдастыру құрылымына, мақсатына, мазмұнына;
2) педагогикалық және ғылыми-педагогикалық кадрларды қайта кәсіби даярлау нысанына;

3) білім ұйымының жұмыс істеу және дамыту тәртібінің, жоспарланған эксперимент бойынша өткізілетініне;

4) білім ұйымының басқармашылық жүйесіне өзгерістер енгізе алады.

2. Экспериментальдік бағдарламаның әзірлеу, тексеру және енгізу шарты мен тәртібі

8. Экспериментальдік бағдарламаны әзірлеу үшін автор (авторлар) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (әрі қарай - Министрлік) жазбаша өтінім беріп, оның мазмұнында:

1) жоспарланған эксперимент өткізілетін білім ұйымының атауы, орны (заңды тұлғалық, нақты мекен-жайы, байланыс телефондары);

2) экспериментальдік бағдарламаның қысқаша түйінін, оның ұлттық білім жүйесінің дамуымен қоғамдық маңыздылығын ғылыми дәлелдеуі;

3) эксперименттің бағдарламасы (эксперименттің негізгі идеялары, бастапқы теориялық-методологиялық ережелері, эксперименттің кезеңдері мен және әр кезең бойынша болжамдық нәтижелері, зерттеу әдістері, экспериментті өткізу үшін қажетті жағдайлар, эксперименттің нәтижесін растайтын бақылау, мониторинг және қамтамасыз ету құралдары, эксперименттің бағдарламасын қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік жұмыстардың тізімі);

4) экспериментті кадрлық, экономикалық, материалдық-техникалық және ғылыми қамтамасыз ету үшін алдын ала есеп жасау; қаржы-қаражаттың көздері к ө р с е т і л у і к е р е к .

9. Экспериментальдік бағдарламаның қоғамдық маңыздылығын бағалау үшін Министрлік сараптамалық тобын құрастырып, оның құрамын бұйрықпен бекітеді .

Сараптамалық топтардың саны экспериментальдік бағдарламаның мазмұнымен айқындалады. Сараптамалық топтардың құрамын қалыптастыруда экспериментальдік бағдарламаның авторы (авторлар) мен экспериментальдік бағдарламалар бойынша Республикалық Кеңес (әрі қарай - Кеңес) қатысады.

10. Сараптамалық топтардың құрамына Министрліктің, Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының, басқа ғылыми мекемелердің, эксперимент өтіп жатқан аумағында білім басқару органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері мен білім ұйымдарының педагогикалық, ғылыми, ғылыми-педагогикалық және басшы қызметкерлері кіреді.

11. Экспериментальдік бағдарламаның сараптамасы кезең сайын бөлініп ө т к і з і л е д і :

1) бірінші кезеңде ұсынылған сұранымның бастапқы (алғашқы) бағасы б е р і л е д і ;

2) екінші кезеңде сараптаманы өткізу әдістемесімен бірінші кезеңдегі мақұлданған сұранымның жобасының сараптамасы беріледі;

3) үшінші қорытынды кезеңде қорытынды сараптама беріліп және әрбір бағдарламаға берілген сараптамалық қорытынды ресімделеді.

12. Қорытынды кезеңнің сараптамасының нәтижесі бойынша сараптамалық топпен қорытынды жасалып, оған барлық сараптамалық топтың мүшелері қол

қойып, осы қорытындымен келіспейтіндердің ерекше пікірлері көрсетіледі.

13. Кеңес сараптамалық топтарының қорытындыларының негізінде, эксперимент жүргізу үшін білім ұйымдары-ізденушілерін тандап, Министрлікке білім ұйымының эксперимент есебінде жұмыс істеуіне мүмкіндіктерінің барлығын дәлелдей отырып, ұсыныс жасайды.

14. Министрліктің бұйрығымен ізденуші білім ұйымына эксперимент есебінде жұмыс істеуге рұқсат беріліп, эксперименттің тақырыбы (мәселесі), м е р з і м і б е к і т і л е д і .

15. Егер сараптамалық топ теріс қорытынды берсе экспериментальдік бағдарламаның авторы (авторлары) оны өңдеп, өтінімді бір жылдан кейін қайта б е р е а л а д ы .

16. Экспериментальдік бағдарламаның апробация мен енгізілуіне эксперимент есебінде жұмыс істеуіне рұқсаты бар білім ұйымдарында жү р г і з і л е д і .

3. Экспериментальдік бағдарлама бойынша Республикалық кеңесінің қызметі мен міндеттері

17. Эксперимент бағдарламасын іске асыру мақсатында және эксперимент есебінде жұмысын қамтамасыз ету үшін Министрліктің бұйрығымен экспериментальдік бағдарламалар бойынша Республикалық Кеңесін құрады. Кеңес құрамына Министрлікке қарасты республикалық ұйымдарының, педагогикалық ассоциацияларының және оқу-әдістемелік бірлестіктерінің ө к і л д е р і к і р у і м ү м к і н .

1 8 . К е ñ е с :

1) Қазақстан Республикасында білімнің озық дамуына жәрдемдесетін

экспериментальдік жұмыстың басым бағыттарын айқындайды;

2) экспериментальдік бағдарламаларының негізгі бағыттары және оларды экспериментальдік тексерісінің нәтижелері бойынша деректер банкісін қалыптастырады;

3) эксперимент нәтижесін қолдану механизмін дайындайды;

4) өтіп жатқан эксперименттер туралы білім ұйымдарына, барлық мүдделі тұлғаларға хабарлайды;

5) Министрлікке эксперимент бағдарламасының қаржыландыруы туралы ұсыныс жасайды;

6) экспериментпен қызмет ететін білім ұйымдары эксперимент бағдарламаларын орындау нәтижесіне жылдық есебіне талдау жүргізеді;

7) сараптамалық топтардың құрамының қалыптасуына қатысады;

- 8) эксперимент жүргізу үшін ізденуші-білім ұйымдарын таңдап алады.
19. Кеңесті төраға басқарады. Төраға жоқ болған жағдайда оның міндетін Кеңес төрағасының орынбасарына жүктеледі.
20. Кеңес мүшесі сараптамалық топтың құрамына кіре алмайды.
21. Кеңес өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.
22. Эксперимент есебінде жұмыс істеу үшін рұқсат алған білім ұйымы эксперименттің өтуіне байланысты Кеңес алдында ең кем дегенде жылына бір рет есеп береді.
23. Эксперимент есебінде жұмыс істеу үшін рұқсат алған білім ұйымының инновациялық қызметінің бағасын Министрлік жүргізеді.
24. Эксперимент есебінде жұмыс істеуіне құқығын эксперимент бағдарламасы аяқталғаннан кейін айырады да және алдын ала төмендегі көрсетілген жағдайларды ескереді:
- 1) эксперименттің теріс нәтиже алғанын;
 - 2) эксперимент бағдарламасының қаржыландырылмағанын.
25. Эксперимент есебінде жұмыс істеу үшін рұқсат алған білім ұйымының құқығынан, айыру туралы шешімін Министрлік қабылдайды.

4. Эксперимент бағдарламасын қаржыландыру

26. Эксперимент бағдарламасын қаржыландыру:
- 1) демеушілер, ұйымдар, жеке азаматтар;
 - 2) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиісті білімді дамыту қорлары;
 - 3) білім ұйымдары ақылы білім беру қызметтерден түскен кіріс қаржылары арқылы жүзеге асырылады.
27. Экспериментальдік алаң мәртебесін алған білім ұйымы экспериментке қатысып жүрген білім ұйымдары қызметкерлерінің инновациялық іс-әрекетін ынталандыру үшін өздігінен еңбек туралы заңдылығына сәйкес еңбек нысаны мен төлеу жүйесінің, жалақы мен лауазымдық жалақының өлшем ақысын және де қосымша төлем, үстемақы, сыйлық өлшемі және материалдық ынталандыру, басқа да шараларды бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінен айқындайды.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК